

2022-2023 жылдарға арналған Шымкент қаласындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 960 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 маусымда № 28403 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағының 20-5) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022-2023 жылдарға арналған Шымкент қаласындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары М. Исаховқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

Шымкент қаласы әкімдігінің

2022 жылғы 2 маусымдағы

№ 960 қаулысына қосымша

2022-2023 жылдарға арналған Шымкент қаласындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Топтар атауы	№	Олимпиадалық емес спорт түрлерінің атауы	Жазғы олимпиадалық спорт түрлерінің атауы	Қысқы олимпиадалық спорт түрлерінің атауы	Паралимпиадалық спорт түрлерінің атауы	Ұлттық спорт түрлерінің атауы

"А" тобы	1	Қол күресі	Баскетбол	Конькимен мәнәрлеп сырғанау	П а р а пауэрлифтинг	Асық ату
	2	Белбеу күресі	Бокс	Шорт-трек	Волейболды отырып ойнау	Жекпе-жек
	3	Джиу-джитсу	Еркін күрес		Пара жеңіл атлетика	Қазақ күресі
	4	Кикбоксинг	Байдаркамен каноэда есу		Пара үстел теннисі	Тоғызқұмалақ
	5	Каратэ-до шотакан	Спорттық гимнастика		Пара жүзу	
	6	Шағын футбол	Көркем гимнастика		Пара садақ ату	
	7	Пауэрлифтинг	Грек-рим күресі		Пара оқ ату	
	8	Қоян-қолтық ұрыс	Дзюдо			
	9	Самбо және әскери самбо	Жеңіл атлетика			
	10	Таеквон-до ITF	Үстел теннисі			
	11	Ушу	Нысана көздеу			
	12	Шахмат	Стенд ату			
	13	Дойбы	Садақ ату			
	14	Каратэ WKF	А у ы р атлетика			
	15	Әмбебап жекпе-жек	Таеквандо WTF			
	16	Сурдо жеңіл атлетика				
	17	Сурдо жүзу				
"В" тобы	1	Грэпплинг UWW	Бадминтон	Фристайл акробатика		Аударыспақ
	2	Кекушинкай каратэ	Әйелдер күресі	Шайбалы хоккей		Бәйге
	3	Муайтай	Велосипед спорты			Жамбы ату
	4	Жауынгерлік жекпе-жектің аралас түрлері (ММА)	Классикалық волейбол			Көкпар
	5	Жағажай футболы	Қол добы			Теңге ілу
	6	Пенчак силат	Жүзу			
	7	Сурдо күрес	Спорттық құзға өрмелеу			

	8	Сурдо шағын футбол	Теннис			
	9		Триатлон			
	10		Семсерлесу			
	11		Футбол			
"С" тобы	1	Президенттік көпсайыс	Баскетбол 3x3			
	2	Футзал	Жағажай волейболы			
	3	Эстетикалық топтық гимнастика	Регби			
	4	Сурдо үстел теннисі	Батуттық гимнастика			
	5	Сурдо футбол				

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ITF - International Taekwondo Federation (Халықаралық таеквондо федерациясы);

MMA - Mixed Martial Arts (Аралас жауынгерлік жекпе-жек түрлері);

UWW - United World Wrestling (Бірлескен күрес әлемі);

WKF - World Karate Federation (Дүниежүзілік карате федерациясы);

WTF - World Taekwondo Federation (Бүкіләлемдік таеквондо федерациясы).